

Қазақстан Республикасы білім және ғылым министрлігі

Басқару институты «Қаржы» кафедрасы

«Қаржы» пәні

КУРСТЫҚ ЖҰМЫС

Тақырыбы: «Қаржының Қазақстан экономикасын
дамытудағы рөлі»

Орындаған: Қаржы-1/1 сп Есжанова Ш.Б.

Тексерген: Қуандықова А.А.

Астана 2008

<https://www.topreferat.com>

Ж О С П А Р

КІРІСПЕ.....	3
I Тарау ҚАРЖЫНЫҢ МӘНІ, ФУНКЦИЯСЫ ЖӘНЕ ҰДАЙЫ ӨНДІРІСТЕГІ РӨЛІ.....	5
1.1. Қаржы түсінігі және құрылымы.....	5
1.2. Қаржы функциясы және ұдайы өндірістегі рөлі.....	7
II Тарау ҚАРЖЫНЫҢ ҚАЗАҚСТАН ЭКОНОМИКАСЫНДАҒЫ РӨЛІ.....	15
2.1. Дүниежүзілік қаржылық тұрақсыздық жағдайларында Қазақстанның қаржы экономикалық дамуы.....	15
2.2. Қазақстан Республикасындағы Алматы «Халықаралық қаржы орталығы» қаржы жағдайы.....	23
2.3. Қаржының Қазақстан Республикасындағы ерекше ролі.....	25
III Тарау ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНДА ҚАРЖЫ НАРЫҒЫН ЖЕТІЛДІРУ ЖОЛДАРЫ.....	27
ҚОРЫТЫНДЫ.....	31
ПАЙДАЛАНҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ.....	32

Кіріспе

Қазақстанда ел экономикасының нақты секторының қарқынды жыл өткен сайын бәсеңдей түссе де, қаржы саласы керісінше 6 жыл бойына дамуын үдетіп келеді. Бүгінде бұл саланың майын ішкен мамандарды алаңдатып отырған жайт өсу қарқыны артқан сайын болмай қоймайтын проблемалар алдыдан шығады. Мұны дер кезінде шешпесе, онда нарықтың дамуын тежейді.

Жыл көрсеткіштеріне үкілесек, мынаны аңғарамыз: қаржы секторының дамуының сандық нәтижелері өткен жылдардағыдай жоғары болатындығы күмәнді. Нарықтың қазіргі жағдайы қаржы секторының өсімі әлі күнге дейін экономиканың дамуы өрісінен әлде қайда төмен күйінде. Айналымдағы мемлекеттік бағалы қағаздардың үлес салмағы азайып кетті. Мұны қаржы саласының мамандары оңай түсіндіреді. Ұлттық банк бюджеттің берекесін кетірмеу үшін амалсыздан шұғыл шаралар қолдануға мәжбүр.

Негізі – Қазақстан елінің қаржы жүйесіне халықаралық рыноктың сенімі артуға тиіс. Бұл үшін корпоративтік басқарудың көпінді жүйесін құру, басқа да маңызды компоненттерге көңіл бөлу талап етеледі. Қысқасы, Қазақстанның қаржы секторының түйінді мәселелеріне осы бастан назар аударған жөн. Әйтпесе, уақыттан ұтылу өз алдына, өзекті мәселелер бой бермей кетеді. Капиталды артырудың қажеттілігі, нағұрлым мөлдірлікті қамтамасыз ету мәселесі, корпоративтік басқаруға қатысты өзекті жайттар, банктердің сырттан қаржы алуына, сыртқы рыноктағы бизнестің дамуына орай туындап отырған тәуекелдіктің мән-жайы, өзара сақтандыруды дамытуға күш салыну қажеттілігі мінбелерден аз айтылмайды. Мәселе осылардың нақты сипат алуында. Жалпы Қазақстан экономикасының дамуына қаржының алар орны ерекше.

Тақырыптың өзектілігі. Нарықтық қатынастардың құрылымында да мемлекет тарапынан оларды реттеу механизмінде қаржы зор рөл атқарады. Қаржы нарықтық қатынастардың құрамды бөлігі және мемлекеттік саясатты жүзеге асырудың құралы. Сондықтанда қаржының әлеуметтік-

экономикалық мәнін түсіне білудің, оның іс-әрекет етуінің ерекшеліктерін терең ұғынудың, Қазақстан экономикасын ойдағыдай дамыту мақсатымен қаржы ресурстарына неғұрлым толық және ұтымды пайдаланудың әдістері мен амалдарың біре білудің маңызы зор және өзекті.

Қазақстанда ел экономикасының нақты секторының қарқыны жыл өткен сайын бәсеңдей түссе де, қаржы саласы керісінше жыл сайын дамуын үдетіп келеді. Бүгінде бұл саланың майын ішкен мамандарды алаңдатып отырған жағдай есу қарқыны артқан сайын болмай қоймайтын проблемалар алдыдан шығады. Мұны дер кезінде шешпесе, онда нарықтың дамуын тежейді.

Құрлық жұмыстың мақсаты саяси тұрақты және экономикалық қуатты мемлекетіміздегі қаржы құқығының қызметін, құрлығын мәні мен ролін, нарықтық түрлендірулер жағдайында дамып келе жатқан Қазақстан Республикасының бюджеттік жүйесі мен қаржылық құқығының күрті заманға өркендетті қалыптасуы жөнінде ашып көрсету

I Тарау ҚАРЖЫНЫҢ МӘНІ, ФУНКЦИЯСЫ ЖӘНЕ ҰДАЙЫ ӨНДІРИСТЕГІ РӨЛІ

1.1. Қаржы түсінігі және құрылымы.

Қаржы қоғамда нақты өмір сүретін, объективті сипатпен айрықша қоғамдық арналымы бар өндірістік қатынастарды білдіретін ақшалай қаржы ресурстары мен ирларды жасау және пайдалану процесіндегі экономикалық қатынастарды қамтып көрсететін тарихи қалыптасқан аса маңызды экономикалық категориялардың бірі болып табылады. Ол натуралдық шаруашылықтан жүйелі тауар – ақша айырбасына көшу жағдайында пайда болып, дамыды және мемлекеттік және оның ресурстарға қажеттіліктерін дамуымен тығыз байланысты болды.

Қаржының мәні, оның даму заңдылықтары, тауар-ақша қатынастарының қалту сферасы мен қоғамдық ұдайы өндіріс процесіндегі ролі қоғамның экономикалық құрылымы мен мемлекеттің табиғатымен және функцияларымен айқындалады.

Түрлі қоғамдық-экономикалық формациялар қаржысының айырмашылығы негізінен мына себептерге байланысты:

-әр түрлі қоғамдық формацияға қоғамның өзіне меншікті таптық құрылымы сай келеді. Сонымен бірге қаржы ұлттық табысты мемлекеттің пайдасына қайта бөлуді ұйымдастыра отырып, оны бөлудің қатынастарын есепке алады;

-кез келген қоғамдық-экономикалық формацияларда қаржы билеуші таптың мүдделерін жүзайтты мемлекеттің мақсаттары мен міндеттеріне бағынады;

-өндірістің жаңа әдісі шаруашылық қатынастардың жаңа жүйесін тудырады. Мәселен, құл иеленуші және феодалдық формацияларға натуралдық қатынастар сәйкес келсе, мемлекет табысының қалыптасуы да көбінесе натуралдық сипатта болды. капиталистік шаруашылық тауар-ақша шаруашылығы болып табылады. Тісінінше мемлекеттің табысы да ақша нысанында қалыптасады;

-егер мемлекет басқару органы ретінде қалыптасқан өндірістік қатынастардың ұдайы өндірісі мен таптық құрылыстың міндеттеріне қызмет ететін болса, онда бұл міндеттерге қаржы да қызмет етеді.

Құл категорияларының жүйесінде қаржы белгілі орын алады және өзінің ішкі ерекшеліктерімен, сонымен бірге ұдайы өндірістегі өзгешелік рөлімен айшықталады. Қаржының құндық бөлу стадиясында жұмыс істейтін басқа экономикалық категориялардан –кредиттен, жалақыдан және бағадан айтарлықтай айырмашылығы бар.

Қаржы ғылыми ұғым ретінде қоғамдық өмірде сан алуан нысандарда пайда болатын қызметтермен ассоциацияланады және міндетті түрде ақша қатынастарының қозғалысымен қосарлана жүреді.

Қаржы -ақша қатынастарының жиынтығы, олардың ажырағысыз бөлігі ол ерқашан экономикалық жүйе шеңберіндегі қоғамдық ұдайы өндірістің түрлі субъектілері арасындағы бүкіл ақша қатынастарын емес, тек ақша ақша қатынастарын білдіреді, сондықтан оның рөлі мен маңызы экономикалық қатынастарда ақша қатынастарының қандай орын алатындығына байланысты.

Жалпы қоғамдық өнім мен ұлттық табысты жасау, бөлу және қайта бөлу процесінде қалыптаса отырып, қаржы қоғамның тұтылікті пайдалануға жіберілетін материалдық ресурстар бөлігінің ақшалай тұлғалануы болып табылады. Қаржының басты белгілерінің бірі – оның тұлғалануының ақша нысаны және ақшаның нақтылы қозғалысымен қаржы қатынастарының бейнеленуі. Демек, қаржы қатынастарының пайда болуы өзі жайында ерқашан ақшаның нақтылы қозғалысымен аңартып отырады.

1.2. Қаржы функциясы және ұдайы өндірістегі рөлі.

Мемлекеттік қаржыны бөлу мен бақылау функциялары бір бірінші бөлек емес, неғұрлым бірігіп, бір уақытта іске асырылады, себебі бұларда бюджеттік қарым-қатынастың барлық жағы бейнеленеді.

Бөлу функциясының мазмұны қаралдық іс-әрекет салалары арасында қаржы ресурстарды қайта бөлу процесімен анықталады. Бюджеттен басқа бірде бір қаржылық бөлу категориялар мен ақша қаражаттарын осындай көп аспектіні қайта бөлу мен экономикалық басқарудың әр деңгейінде іске асыра алмайды.

Салааралық қайта бөлу бір жағынан, заңды және жеке тұлғалар бюджетке енгізетін салықтар мен төлемдерге, ал екінші жағынан, бюджеттік қаражаттар арқылы әртүрлі инвестициялық бағдарламалар, айналым құралдар, операциялық және басқа да шығындарды қаражаттандыруға негізделеді. Аумақаралық қайта бөлу лайықты мемлекеттік биік органдарына салықтар мен кірістер бөліту және бюджеттік ресурстың әртүрлі формалары арқылы жүргізіледі. Мұндай әдіс әрбір әкімшілік-аумақтық бірлікте оның дамуын еліміздің әлеуметтік-экономикалық даму жоспарына сәйкес қамтамасыз ететін бюджеттік қор қалыптастыруын қамсыздандырады.

Ақша қаражаттарын өндірістік және өндірістік емес салалар арасында қайта бөлу материалдық өндіріс кәсіпорындардың қаржы ресурстарының бір бөлігін алу арқылы іске асырылады. Содан кейін өндірістік емес сала мекемелерін бюджеттік қаржыландыру жүргізіледі. Мұндай бюджеттік қаржыландырудың ұлттық табысты пайдалануының құрылымды қалыптастыруда рөлі өте зор, себебі мемлекеттік бюджет экономика секторлары арасында ұлттық табысты қайта бөлудің маңызды құралы болып табылады. Әрине, қазіргі уақытта ақша қаражаттарының басшы жағы орталықтандырылған қорға мемлекеттік сектордан түседі, бірақ жалпы мемлекеттік қажеттілікті қамтамасыз етуге жеке кәсіпкерлер мен экономикалық мемлекеттік емес саласының басқа да субъектілердің қаражаттары тартылады.

Әміршілдік-әкімшілдік басқарушылық жүйесі тұсында ұзақ уақыт бойы және нарық экономикасына көшу кезінде қаржылық бақылау деп есептік жазбаларды және есеп берудің ереже бойынша дұрыс құрылғанын, сондай-ақ, салықтар мен алымдардың мемлекеттік, жергілікті бюджеттерге толық түсірілгенін анықтап, тексеретін құрылым деп түсінетін. Біртіндеп бұл түсінік жаңаша қолданыла бастады. Қаржылық бақылаудың жаңа замандағы түсінігі, мазмұны, міндеті кең және оның мақсаттылығының көпжақты, әртүрлі бағытта екенін байқауға болады. Оның ішінде ең маңыздысы болып, есептік-қаржылық құжаттардың сенімділігін, шаруашылық заңдылықтарын сақтау, әртүрлі шаруашылық деңгейіндегі экономикалық құрылымдарды басқару тетіктерінің дұрыстығын тексеру болып табылады. Қаржылық еңбек және материалдық ресурстарды ең алғашқы сатысында пайдаланудың қабылданған нормативтері мен стандарттарынан ауытқуды алу біріктірілген органдарға уақытында бағыттаушы шара қабылдау, кінәлілерді жауапкершілікке тарту, заң бұзушылықты болдырмас үшін алдын алу жұмыстарын жүргізуге және келешекте басқа да кері көріністерді болдырмас үшін зор маңызға ие.

Қаржылық бақылау – ұлттық өнімнің жалпы түсілінің оған сәйкесті қаржы қорына негізделген бағасымен бөлінуін және бір мақсаттарға жұмсалуды тексеруге бағытталған ерекшеліктері бар қызмет түрі. Қаржылық бақылаудың қажеттігі басқадан бұрын, экономиканың санаты ретінде қаржы саласына бақылау функциясы қашаннан тән.

Қаржылық бақылаудың пәнін анықтауда мақсаты, функциясы және оның міндеті төріді мазмұнын да анықтау қажет.

Қаржылық бақылаудың пәні болып белгіленген ереже негізіндегі нормативтік – құқықтық реттеуді сақтауға негізделген ұдайы өндірістің кеңейтілген үдерісі мен қаржылық ресурстарын басқару болып табылады. Қаржылық бақылаудың мазмұнын алу кезінде қалыптасу аясындағы істің мақсатқа сәйкес және заңдылығын, мемлекеттік қаржы қорларын пайдалану

мен бөлу, жергілікті өзін-өзі басқару мекемелері мен заңды және жеке тұлғаларды төмсеру шаралары мен орган жүйесі екенін атап өту орынды.

Қаржылық бақылау – заңдылықты сақтауға, меншікті қорғауға, бюджеттік, заңдық және меншіктік қаржыны дұрыс, тиімді пайдалануға, қаржылық тәртіпті бұзушылықты ашуға көмектесетін экономикалық бақылаудың ең маңызды нысандарының бірі.

Мемлекеттік қаржы қорын пайдалануды, бөлуді жергілікті өзін-өзі басқаруды, мемлекеттік пен муниципалдық унитарлық кәсіпорындар мен әртүрлі ұйымдарға пайда болу тәртібін бекітетін, тағайындайтын және құқық нысандарын тура сақтауды талап етуді қаржылық тіртіп деп түсінуге болады.

Қаржылық бақылаудың басқа бақылау түрлерінен айырмашылығы, ол қолдануының белгілі бір ережеліктері бар және мақсатты бағыты болатындығы.

Қаржылық бақылаудың ең негізгі мақсаттарының бірі – кәсіпорындардың, мекемелердің және басқа да экономикалық субъектілердің қаржылық ресурстарын тиімді пайдалануы мен қаржылық саясатты табысты жүзеге асыруға ықпал ету болып табылады.

Бақылаудың қаржылық функциясы өндіріс үдерісіне, бөлінуіне, айырбасқа және материалдық игіліктерді тұтынуға қоғамның ықпал етуіне мүмкіндік жасайды. Осы қаржылық функцияның көмегімен бөліну үйлесімділігінің жақсарталуы, қорлардың қалыптасу кездерінің қатынастарын және оларды пайдалану жағдайларын ескертеді.

Бірақ бұл мүмкіндік қоғамдық қатынастар мен белгілі бір жағдайлар болғанда ғана жүзеге асады және:

- а) ерекше қаржылық бақылау органдарын құру;
- б) қаржылық бақылау органдарын білікті мамандармен толықтыру;
- в) үкіметтік, ведомстволық, қоғамдық және тәуелсіз бақылау органдарының қызметін реттелеу.

Қаржылық бақылау функциясы өндірістік ресурстарды басқару құралы ретінде пайдаланудың объективті жағдайын белгілейді және қоғамның

экономикалық потенциалын анықтайды. Егер қаржы экономикалық негіздердің қатынасын білдіретін болса, олар өндіріс қатынастарының бөлшектері және, қаржылық бақылау қаржыны (жоспарлау, есептеу және талдаумен қатар) басқарудың бір элементтері ретінде қорықталып санаты болып саналады.

Қаржылық бақылаудың мәні сол, ол ақшалай нысанда жүзеге асады. Кірістердің қалыптасу үдерісі, жинақталу, қаржы қорын құру мен пайдалану, ынтымақтас мемлекеттің немесе жеке елдің, ұйымның барлық деңгейіндегі шаруашылық өміріндегі қаржылық-экономикалық өзара қатынастарын реттеудің тетіктері оның тікелей объектісі болып табылады. Қаржылық бақылаудың іс-әрекеті қаржы қатынастарының кең көлеміне тарады, өйткені қаржының өзі басқа да құнды нысандармен, оның ішінде еңбекақының төлеуге, өнімнің өзіндік құнына, қаржылық нәтижелерге, өндірістік инвестицияларға байланысты. Сонымен бірге, қаржылық бақылау мемлекеттік аймақтық құрылымдардың, мекемелердің, ұйымдардың бюджеттік бөлінген қаржыларды дұрыс пайдалануын тексеріп, қызметтерінің барлық жағын, оған қоса кеңейтілген желілері мен контрагенттерін (шектеліндерін), қаржыны белгіленген мөлшерде жұмсалуды және т.б. жүзеге асырады.

Қаржылық ресурстарды басқару өндірістің барлық аясындағы және экономикалық субъектінің қаржылық салатын көрсетілген тәжірибеге сәйкесті дәрежесін анықтау үшін ғылыми негізделген әдістер жолымен жүргізіледі. Қаржылық бақылау институты мемлекеттің бақылау органдарының жалпы құрамының құрамдық элементі ретінде және қаржылық тетіктің ең маңызды элементі ретінде көрінеді.

Қаржылық бақылаудың мәні, мақсаты және тағайындалуы тұрағысынан оның негізгі мәселелері анықталады. Оның ішіндегі ең маңыздысы мыналар:

- 1) мемлекет, ұйымдар мен тұрғындар арасындағы қаржылық міндеттеменің орындалуын тексеру;

- 2) заңды және жеке тұлғаларға салық салу жөніндегі іс жүзіндегі заңдардың сақталуын қамтамасыз ету;
- 3) экономикалық субъектілердің бухгалтерлік есебі мен қаржылық есеп беруін бақылау;
- 4) бюджеттің барлық деңгейлерінің дұрыс құрастырылуы мен орындалуын бақылау;
- 5) кәсіпорындар мен мекемелердің қаржылық, еңбек және материалдық ресурстарын тиімді пайдалану мен жағдайын тексеру;
- 6) қаржылық ресурстардың резервтерінің көбеюін, шаруашылық қаржысының айналымын тездету, еңбек өнімділігінің, қызметтің пайдалылығын арттыруды анықтау;
- 7) ұйымдар мен мекемелердің қаржы қорларының қалыптасуы мен пайдалануы және қаржылық операцияларды есеп айырығанды жетілдірудегі әрежені сақтауды тексеру;
- 8) қаржылық тәртіпті бұзу мен соған байланысты теріс әрекеттерді алдын алу шаралары және оны жөюді анықтау.

Қаржы бақылауы әртүрлі әдістермен әртүрлі жағдайларда жүргізіледі. Арнаулы әдістерді пайдалану әртүрлі факторларға байланысты, олар тексеру жүргізуші органның қызмет түріне, объекті және бақылаудың түріне, бақылау жұмысының объектісі мен бақылаудың мақсатына, бақылау жүргізу шарасына, себебіне байланысты.

Қазіргі нарықтық қатынас кезінде қаржылық бақылаудың мына түрлері кең қолданылады: ревизия, тексеру, шолулы талдау, инспекция, мониторинг, қаржы жоспарларының жобасын қарастыру, қаржы-шаруашылық қызметінің есебін қарау, бағамдастырып талдау, лауазым иесі адамдардың мәліметтері және басқалар.

Бұл бақылау түрлері жеке түрлерге өтпелі мақсаттарды шешуде қолданылады. Мысалы, құжатты ревизия кезінде құжаттарды қаржылық тексеру, ақшалай материалдық заттарды инвентаризациялау. Сандық есепті қалпына келтіру, бақылау түрінде салыстыру және басқалары.

Қаржы бақылауының түрлері мен әдістері өлген де дамуында, компьютерлік техника базасының жаңалық жүйелерінің пайда болуы оларға өзгеріс алып келеді. Көрсетілген жалпы әдістері методикада және қаржы бақылауы мен әртүрлі объектілерде аудит жүргізу нәтижелерінде нақтыланады. Мысалы, қаржылық әдістер өз мезгілінде информациялық модельдеу, нормативтік құқықты реттеу және қаржылық есепті тексеру болып бөлінеді.

Қаржы бақылауының негізгі бір түрі ревизия, ол өндірістің, мекеменің шаруашылықтың өткен бір кезеңдеріндегі қаржы – шаруашылық қызметін толық тексеру болады. Ревизияны жеке, мемлекеттік, ұйымдық және басқа органдар жүргізеді. Олар осы органның жоспарлары арқылы не басқа құқығы бар органның тапсыруымен жүргізіледі.

Объектісіне байланысты ревизиялар құжатты, нақтылы, толық және таңдамалы болып бөлінеді. Құрылымына байланысты жоспарлы және жоспарсыз, жалпылама және тақырыптық болады.

Құжатты ревизия жүргізгенде құжаттар тексеріледі, негізінен бірінші ақша құжаттары, тек қана есеп еме, смета мен бухгалтерлік регистрлер, сол сияқты ақша тауарлар және бағалы заттардың барлығы, істелген жұмыстардың көлемі және көрсетілген қызмет тексеріледі.

Бақылау-аудиторлық мекемелер тексеру мен зерттеуді шаруашылық мекеме және өндірістің қаржы-шаруашылық қызметінің жағдайына байланысты немесе сол жерде олардың қызметтерінің кейбір жақтарымен танысу кезінде жүргізеді. Сондықтан тексерулер тақырыптық болады. Кейбір тексерулер кенеттен инспекция жасау арқылы жүреді. Тексеру мен зерттеудің негізгі мақсаты өндіріс пен шаруашылық органының қаржы және шаруашылық қызметінің жағдайының кейбір жақтарын тексеруге болады. Ал камералық тексеру негізінен сол жерге бармай-ақ шаруашылық субъектісінің құжаттарын тексеру арқылы жүреді.

Қаржылық бақылауды қалыптасқан теориялық-әдіснамалық тұрғыдан жан-жақты дайындау оның негізгі тетіктерін реттеп отыруға мүмкіндік

береді. Арнаулы әбебнеттерде қаржылық бақылаудың әкімшілік (ұйымдастыру), нарықтық, этикалық және басымшылық тәрізді түрлері қаралған.

Бақылауды әкімшілік реттеуге сатылас өзара сәйкестік, төменгінің жоғарыдағыға бағынуы, әкімшілік күштеу және сәгіс беру, жұмыстан шығару, лицензиядан айыру тәрізді заңдандырылған ықпал-шаралар тән.

Нарықтық реттеу тексерушімен тексерілуші арасындағы өзара деңгейлес, серіктес қарым-қатынас негізінде қалыптасып, бақылаушы объектінің қызметіндегі кемшіліктерді ашып, оңайландыруды жүзеге асыруға ұлыныс береді.

Қазіргі уақытта қаржының белгіштік және ұдайы өндірістік тәрізді екі тұжырымдамасы танытып отыр. Бірінші тұжырымдаманың жақтаушылары қаржы қоғамдық өндірістің екінші стадиясында ақша нысанындағы қоғамдық өнімнің құнды бөлу процесінде пайда болады, қаржының белгіштік сипаты оның іс-әрекет етуінің ерекшелігін көрсетеді деп санайды. Бұл тұжырымдамалға сәйкес қаржы екі функция орындайды: бөлу және бақылау. Белгіштік қатынастардың ерекше сферасы ретінде қаржының мәні ең алдымен белгіштік функцияның көмегі арқылы көрінеді. Тап осы функция арқылы қаржының қоғамдық арналышы-шаруашылық жүргізудің әрбір субъектісін оған қажет арнаулы мақсатты ақша қорлары нысанында пайдаланылатын қаржы ресурстарымен қамтамасыз ету жүзеге асырылады.

Жалпы қоғамдық өнімнің құны (оны ақша нысанында), сонымен бірге ақша нысанында тұрғаланатын ұлттық байлықтың бір бөлігі қаржының белгіштік функциясының іс-әрекетінің объектілері болып табылады.

Қарамағында мақсатты айналымның қорлары қалыптасатын ұдайы өндірістік процестің қатысушылары болып табылатын заңи және меке тұлғалар (мекемелер, кәсіпорындар, бірлестіктер, мекемелер, азаматтар) қаржылық белгіде субъектілер болып келеді.

Қаржының көмегімен белгіштік процесс қоғамдық өмірдің барлық сфераларында-материалдық өндірісте, айналыс және тұтыну сфераларында өтеді. Бөлудің қаржылық әдістері экономиканы басқарудың түрлі

деңгейлерін: жалпыұлттық, аумақтық, жергілікті деңгейлерді қамтиды. Қаржылық бөлініске бөлінудің әр түрлерін-ішкішаруашылық, салааралық, аумақаралық бөліністі тудыратын көпсалтылық тән.

Бөлу функциясы қаржы құралдарын қоғамдық жалпы өнімнен оның аса маңызды бөлігі- ұлттық табысты сондай-ақ ұлттық байлықтың бір бөлігін (мысалы, айналым қаражаттарын, мемлекеттік мүлкті сату операцияларын шығарып тастағанда) бөлу және қайта бөлу процесінде пайдаланған кезде көрінеді. Бұл функцияны қаржы өнімді өздігімен бөле береді деген мағынада емес, қаржы тек жасалған өнімді бөлуді ғана ортақтастырып, жүзеге асырады деп түсіну керек. Былай деп айтқан дұрыс: өнімнің натуралдық заттай құрамын ақша қорларын бөлу арқылы жасалады. Мемлекет, кәсіпорын, фирма және халық арасында ақша қорларын (табыстар мен қорланымдарды) бөлуге сәйкес жасалған натуралдық өнім де бөлінеді.

Қаржының бөлімшілік функциясының іс-әрекеті оның мәнінен: жиынтық қоғамдық өнімді, ұлттық табысты және таза табысты бөлуден және қайта бөлумен байланысты қатынастарды қалтамасыз етуден; табыстармен қорланымдарды қалыптастырудан; ақша қорларын жасаудан туындайды.

Қоғамдық өнімді бөлу алғашқы және кейінгі, келесе қайта бөлу болып ажыратылады.

Алғашқы бөлу кезінде жиынтық қоғамдық өнімнің жалпы көлемінен орнын толтыру (өтеу) қоры (материалдық шығындар мен амортизациялық аударымдар шығарып тасталады. Және жаңадан жасалған құн-ұлттық табысты бөлудің нәтижесінде мемлекеттің, өндірістік сфераның және халықтың алғашқы табыстары қалыптасады, олар бөлудің және қайта бөлудің күрделі процесстеріне ұшырайды, бұл процесстерде маңызды рөлді қаржы атқарады. Қоғамдық өнім мен ұлттық табысты алғашқы бөлу кезінде қаржы еңбекке ақы төлеу және баға сияқты экономикалық категорияларымен тығыз байланыста дамиды.

II Тарау ҚАРЖЫНЫҢ ҚАЗАҚСТАН ЭКОНОМИКАСЫНДАҒЫ РӨЛІ

2.1. Дүниежүзілік қаржылық тұрақсыздық жағдайтарында

Қазақстанның қаржы экономикалық дамуы

Бірінші кезекте қаржылық тұрақсыздық дегенді қалай түсінеміз?

Қаржылық тұрақтылық дегеніміз қаржы жүйесінің өзінің тікелей міндеттерін, атап айтқанда, инвестициялық жобаларды табысты қаржыландыруды және ресурстарды пайдаланудың күрт өзгерістерін тиімді реттеп отыруды толық орындау екендігі белгілі. Қаржылық тұрақтылықтың құрамдас бөліктері ақша тұрақтылығы, нарық агенттерінің қаржы мекемелеріне және нарыққа сенімінің болуы, нақты немесе қаржы активтері бағасының күрт ауытқушының жоқтығы болып табылады. Осы тұрғыдан қарағанда теңгені енгізген уақыттан бері қаржылық тұрақсыздық кезеңдері болып 1993 жылғы қараша - 1999 жыл және 2007 жылғы тамыздан бастап бүгінгі күнге дейінгі аралықтар саналады.

Осы кезектердің әрқайсысындағы ақша-кредит саясатын сипаттайық.

1993 жылғы қараша – 1995 жыл аралығындағы кезең – гиперинфляцияны ауыздықтау кезеңі. Теңгені енгізу сәтінде Қазақстанның экономикасы өте ауыр жағдайда болды. 1993 жылы инфляция 2265% құрады, ал 1991-1995 жылдары тұтастай алғанда өндіріс 50% жуық құлдырады. Кеңес Одағының ыдырауынан және шаруашылықаралық байланыстардың үзілуінен туындаған өндірістің құлдырауын тоқтату мақсатында Ұлттық Банк іс жүзінде коммерциялық банкілердің функциясын орындады: кәсіпорындарға тікелей кредиттер берді, мемлекеттік бюджет тапшылығын тікелей қаржыландыруды жүзеге асырды. Осындай жағдайларда Қазақстан Республикасының Үкіметі (бұдан әрі Үкімет) және Ұлттық Банк үшін бірінші кезектегі міндеттер инфляцияның төмендеуі және өндірістің құлдырауын тоқтату болып табылды. Осы міндеттерді шешу үшін қатаң макроэкономикалық саясат жүргізу бағдарға алынды, бұған бюджет тапшылығының айтарлықтай қысқаруы және кредиттік экспансияны шектеу кірді.

1994 жылы жеңілдікті кредиттер беру және кәсіпорындардың кредит үшін

Ұлттық Банкке тікелей өтініштерін қарау практикасы тоқтатылды.

Үкіметке бюджет тапшылығын жабуға арналған кредиттер ақыры негізде беріле бастады. 1995 жылы Үкіметтің шешімі бойынша Ұлттық Банктің экономикаға кредиттер беруі тоқтатылды. Банктерді қайта қаржыландыру тетігі айтарлықтай өзгерді: кредиттік ресурстарды Ұлттық Банк кредиттік аукциндар арқылы және ломбардтық негізде орналастыра бастады. 1995 жылы Ұлттық Банк туралы заң қабылданды, оған сәйкес Ұлттық Банктің тәуелсіздігі заң жүзінде айқындалды, ұлттық валютаның ішкі және сыртқы тұрақтылығын қамтамасыз ету мақсаты алға қойылды. Ұлттық Банк экономиканы кредиттеу функцияларын екінші деңгейдегі банктерге беріп және өз өкілеттігі шегінде тәуелсіздік алғаннан кейін нарық қажидаттарына тиімді банк қадаралауына негізделген қазіргі заманғы банк жүйесін құру бойынша жұмысты жалғастырды. Ұлттық Банктің басқа маңызды міндеті инфляцияны төмендетуге бағытталған ақша-кредит саясатының өзін дамыту болды. Бұл кезеңде қайта қаржыландыру ставкасымен және ең төменгі резервтік талаптар нормативімен қатар ішкі валюта нарығында сатып алу және сату операциялары, ломбардтық кредиттер, Ұлттық Банктің қысқа мерзімді ноталары сияқты жаңа құралдар енгізілді.

1993-1995 жылдары инфляция 2165%-дан 60%-ға дейін азайды, алайда өндірістің құлдырауы жалғасты, кезең ішінде орташа алғанда 10% көтерілді.

Баға тұрақтылығына көп жеткізумен қатар елімізде жас ұлттық валютаның қалыптасу міндеттері де шешілді. Тенге бастапқыда ағымдағы операциялар бойынша айырбасталатын валюта ретінде енгізілді. Капитал операциялары бойынша теңгенің айырбасталымдылығына келетін біршама теңге енгізілген кезден бастап капиталдың резиденттерден резидент еместердің пайдасына көшуіне кездейтін валюта операциялары лицензиялауға жатқызылды, бұл ретте капитал ағыны статистикалық есепке алу мақсатында ғана тіркелді. Бұған шетел валютасы ұсынысының ішкі көздерінің айтарлықтай тапшылығы себепші болды. Ішкі нарықта шетел валютасы

ұсыныстарын ұлғайту мақсатында уақытша шара ретінде валютта біржасында экспорттық түсімнің 50% міндетті түрде сату енгізілді. 1996 жыл – 1999 жыл аралығындағы кезең (макроэкономикалық тұрақтылыққа қол жеткізу кезеңі). 1998 жылғы қаңтарда Ұлттық Банктің республикалық бюджеттің тапшылығын тікелей кредиттеу практикасы тоқтатылды (заң жүзінде тыйым салу 2004 жылдан бастап ресімделді). Республикалық бюджеттің тапшылығы бағалы қағаздар шығару есебінен қаржыландырыла бастады, мұның өзі бағалы қағаздар нарығын дамытуға алып келді.

Тұтастай алғанда бұл кезең экономика үшін оң өзгерістер кезеңі болды. Инфляцияның қарқынды түрде төмендеуі жалғасты және 1995 жылы 60,3% - дан 1998 жылы 1,9%-ға дейін төмендеді. Тікелей, өндірістің төмендеу қарқынды айтарлықтай бәсеңдеді. Егер 1996-1999 жылдары өндірістің орташа жылдық өсуі 0,75% байқалса, тұтастай алғанда 1993-1995 жылдары өндіріс жыл сайын орта есеппен 10% төмендеді.

Осы кезеңде қатаң ақша-кредит саясатын жүргізу жалғастырылды, ақша-кредит саясаты құралдары дамыды және жетілдірілді, атап айтқанда РЕПО операциялары, «овернайт» кредиттері сияқты құралдар енгізілді.

Осы кезеңнің аяғында Оңтүстік-Шығыс Азиядағы қаржылық дағдарыс және мұнайдың әлемдік базасының құлдырауы жас ұлттық валютаның мықтылық деңгейіне жасалған өзгеріс сынақ болды. Әлемдік қаржы нарықтарындағы ауқымды өзгерістердің нәтижесінде Қазақстанның бірқатар сауда әріптес елдерінің ұлттық валюталарының айтарлықтай құнсыздануына байланысты ол 1998-1999 жылдары күшті құнсыздану қысымына ұшырады, ал инфляция 1999 жылы 13,8% дейін өсті. Мұның өзі ақша-кредит саясаты үшін төтенше ақуал тудырды. Тенгенің бәсеке қабілеттілігін қалпына келтіру үшін 1999 жылғы сәуірде тенгенің еркін өзгермелі айырбас бағамы режимі енгізілді (ЕӨАБ). Тенгені еркін өзгеруге жіберу үшін уақыт таңдау кездейсоқ болған жоқ – бұл Ресейдегі қаржылық ақуалдың тұрақтануы және Қазақстандағы құнсыздануды күтулердің төмендеу уақыты болды. Валюта нарығын қолдау жөніндегі шараларды қабылдау (экспорттық түсімнің 50%

міндетті сағуды уақытша енгізу, резервтік талаптарды азайту) Банк жүйесіне және Банкаралық нарыққа тұрақты жұмысын жалғастыруға мүмкіндік берді. Екінші деңгейдегі банктердегі жеке тұлғалардың салымдарына және заңды тұлғалардың депозиттерін қорғау және әлеуметтік қорғау жөніндегі шаралар клиенттердің Банк жүйесінен қашуын болдырмауға және Банк жүйесінің жұмыс істеу қабілеттілігін сақтауға мүмкіндік берді. Төтеннің бағамы бірнеше күннің ішінде тұрақтандырылды.

2000 жыл – 2006 жыл аралығындағы кезең – қаржылық тұрақтылық және экономиканың жаппай даму кезеңі. 2000 жылдан бастап әлемдік қаржы нарықтарының тұрақтануы, әлемдік тауар нарықтарындағы қолайлы баға конъюнктурасы, әлемдік экономиканың жандануы Қазақстандағы макроэкономикалық ахуалға оң ықпал етті. Осы жетіжылдық кезеңде елде қаржы жүйесі жаппай дамыды (халықтың депозиттеріне кепілдік беру қоры, тұрғын үй құрылысы саласында ипотекалық кредиттеу жүйесі құрылды, сақтандыру және қор нарығы даму үстінде, вексельдік бағдарлама іске қосылды). Айтарлықтай капитал ағыны байқалуда, халықтың банктерге салымдары мен банктердің экономикаға кредиттері қарқындал өсті.

Бүкіл кезең бойына инфляция бір қатарлы сәтпен өлшенетін деңгейде сақтаулы (6,4%-8,4%), ал ЖІӨ орташа жылдық өсуі 10,3% құрады (2-сурет).

Жеке ақша-кредит саясатының дамуы саласында 2004 жылы Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігінің (бұдан әрі ҚҚА) құрылуы және Ұлттық Банктің биігінен тиісті өкілеттіктердің бөлінуі маңызды роль атқарды. Мұның өзі 2004 жылғы 1 қаңтардан бастап Ұлттық Банктің негізгі мақсаты ретінде баға тұрақтылығын қамтамасыз ету жөніндегі мақсатты заңды түрде жариялауға мүмкіндік берді. Ұлттық Банктің алға қойылған мақсатты іске асыратын міндеттері жарияланды: мемлекеттің ақша-кредит саясатын әзірлеу және жүргізу, төлем жүйелерінің жұмыс істеуін қамтамасыз ету, валюталық реттеуді және валюталық бақылауды жүзеге асыру, қаржы жүйесінің тұрақтылығын қамтамасыз етуге ықпал жасау.

2007 жыл – қаржылық тұрақсыздық кезеңі. Ағылданғы жүз жылдықтың басында экономиканың қарқындал өсуіне қарамастан 2006 жылы шетел капиталының жоғары ағынына, ішкі қаржы нарығындағы артық өтімділікке, мемлекеттік бюджет шығыстарының өсуіне негізделген инфляциялық қысымның өсу үрдісі күтілді. 2006 жылы 2001 жылдан бергі уақыт ішінде бірінші рет инфляция 8% деңгейінен асты. Қаржы жүйесіндегі проблемаларды ертерек анықтау үшін Ұлттық Банк 2006 жылдан бастап КҚА бірлесіп қаржылық тұрақтылығы туралы жыл сайынғы есепті шығара бастады. 2006 жылдың есебінде қаржы жүйесі әлсіздігінің неғұрлым елеулі факторларының ішінде банктердің сыртқы заемдарының өсуі атап көрсетілді.

2007 жылы Қазақстанның экономикалық дамуын екі кезеңге бөлуге болады. Жылдың 1-жартысында өткен жылдары байқалған оң үрдістер (өнеркәсіптік, жылжымайтын мүлік нарығының, құрылыстық, сауданың, банк қызметі нарығының жоғары даму қарқыны) сақталды. Бірінші жарты жылда экономикаға кредиттер 47% жуық, резиденттердің банк жүйесіне депозиттері 24% ұлғайды. 2007 жылғы талызда АҚШ ипотекалық заемдар нарығындағы 2007 жылдың басында туындаған дағдарыс әлемдік қаржы нарықтарындағы асуалға айтарлықтай ықпал ете отырып, жергілікті сипаттан ауқымды сипатқа ұласты. Әлемдік нарықтар өтімділіктің жетіспеуін бастан кешірді және бірқатар орталық банктер, атап айтқанда, Федералдық резервтік жүйе, Еуропа орталық банкі өз елдеріндегі банк жүйесін қолдау үшін кредиттік интервенция жүргізді. Осындай жағдайда әлемдік нарықтардағы пайыздық ставкалар өсті. Портфельдік инвесторлар капиталды дамушы нарықтардан шығара бастады. Нәтижесінде дамушы рыноктардың көпшілігі үшін сыртқы қарыз алуға кіру құқығы іс жүзінде жабық болып шықты.

Алдыңғы кезеңде айтарлықтай көлемде сыртқы қарыз алған қазақстандық банктер бірқатар қиындықтарды бастан кешірді. Алайда, негізінен, кәсіби инвесторлардың синдикалталған заемдар тарту мүмкіндігі сақталған жағдайда кәсіби емес инвесторлардың нарықтарына қарыз алу үшін, жеңіл облигациялар шығару, IPO жүргізу арқылы кіру жабық

болды. Алайда банк секторының өсу қарқынының біршама төмендеуіне қарамастан (депозиттердің аз ғана өсетіні), отандық банктер экономиканы кредиттеуді тоқтатқан жоқ. Таяу жылдар ішінде әлемдік қаржы және тауар нарықтарының даму болашағының айқын болмауы салдарынан елде экономиканың, әсіресе құрылыс және қаржы қызметі салаларында өсудің бәсеңдеуі күтілуде. Құрылыс саласының өсу қарқыны кредиттердің жетіспеуі салдарынан, ал қаржы секторында – сыртқы заем ресурстарына кірудің шектелуінен тежеледі.

2007 жылы қазақстандық экономикаға сондай-ақ әлемдік азық-түлік нарықтарындағы сілкініс теріс ықпал етті. Мәселен, дәнді дақылдарды негізгі өндіруші елдерде өнімнің төмен болуының, өсімдік шикізаты (Биэтанол) түріндегі отынның балама түрлерін әлемдік өндірудің өсуі нәтижесінде астықтың, мұнбағыс майының әлемдік бағасы өсті. Осының барлығы елдегі инфляциялық қысымның өсуіне себепші болды.

Осылайша, 2007 жылы инфляциялық қысым бір мезгілде ұлғайған кезде Банк өтімділігінің жетіспеуі сол мезгілде байқалды. Осындай жағдайларда Ұлттық Банк Банк жүйесінің тұрақтылығын қолдау жөніндегі шаралар мен Баға тұрақтылығын сақтау жөніндегі шаралар арасындағы басылымды белгілеу қажеттігін бастап көшірді. Проблема мұндай жағдайда бұл шаралардың бір-біріне қарама-қайшылығында болды. Банк жүйесінің тұрақтылығына қолдау көрсету үшін өтімділікті қосу, ал инфляциялық қысымды азайту үшін оны сіндіру қажет болды. Бұл жағдайларда Ұлттық Банк Банк жүйесінің тұрақтылығын сақтау бойынша мақсаттың Баға тұрақтылығын қолдау мақсаты алдындағы басылымды айқындады. Бүгінде Банк жүйесіндегі тұрақсыздықтың туындауы Банк дүрбелекпен ғана емес, төлем жасамау дағдарысымен, салымшылардың қашуымен және сонымен қатар қаржы секторы субъектілерінің бір бөлігі банктердің еншілес ұйымдары болып табылатындықтан немесе банк конгломераттарының құрамына кіретіндіктен жүйелік дағдарысқа ұшыраған қаржы нарығының басқа да бөліктерінің тұрақтылығына теріс ықпал етуімен

қауіпті екендігі ескерілді. Әсіресе, жинақтаушы зейнетақы қорлары (банктердің қаржы қоралдарының ЖЗҚ, инвестициялық портфельіне айтарлықтай үлесінің қатысуы салдарынан) зардап шегулері мүмкін.

2007 жыл ішінде қаржылық ахуал өзгерген бойда ақша-кредит саясаты да белгілі бір өзгерістерге ұшырады. Мәселен, егер бастапқы 7 айдың ішінде екінші деңгейдегі банктердің артық өтімділігін алуға бағытталған ақша-кредит саясаты жүргізілсе, 2007 жылдың екінші жартысында өтімділікті ноталарды шығару көлемін азайту және оларды мерзімінен бұрын өтеу арқылы алу көлемі төмендей бастады. 2007 жылғы тамыздан бастап Ұлттық Банк көрі РЕПО операциялары және валюталық СВОП операциялары арқылы банктердің өтімділігін ұсынууды ұлғайтты. Сонымен қатар қайта қаржыландыру заемдарының атап айтқанда, банктердің Ұлттық Банктені корреспонденттік шоттарындағы қалдықтар көпіліне қысқаларында заемдардың жаңа түрлері ендірілді. Банктердің артық өтімділіктерінің бөлігін қосылша байланыстыруға бағытталған ең төменгі резервтік талаптар нормативтеріне жылдың бірінші жартысында қабылданған өзгерістерді ендіру 2008 жылға ауыстырылды. Сонымен қатар 2007 жылғы 9 қазаннан бастап резервтік міндеттемелер базасын қысқартуға және резервтік активтер құрылымдық кеңейтуге бағытталған ең төменгі резервтік талаптардың жаңа тетігі қолданысқа енгізілді.

2007 жылғы Ұлттық Банк, АҚҚ және екінші деңгейдегі банктер арасындағы банк заемдарын беру мәселелері бойынша ынтымақтастық және өзара іс-қимыл туралы келісімге қол қойылды. Осы келісімге сәйкес банктер сыртқы активтердің және сыртқы міндеттемелердің өсуін шектеуге, сондай-ақ консервативті кредиттік және бірқалыпты депозиттік саясатты жүргізуге ерікті түрде келіседі. Бүкіл жыл бойына пайыздық саясат саласында «жылмбат ақша» саясаты жүргізілді. 2007 жылдың 11 айы ішінде ресми қайта қаржыландыру ставкасы 9,0% деңгейінде қалды, 2007 жылғы 1 желтоқсаннан бастап 11,0% дейін көтерілді.

Тұтастай алғанда, күрделі макроэкономикалық ахуал, сондай-ақ баға жүйесінің тұрақтылығын сақтау бойынша мақсаттың баға тұрақтылығын қолдау мақсаты аясындағы басымдығын таңдау инфляцияны төмендету жөнінде қабылданған шараларға қарамастан 2007 жылға арналған инфляция бойынша болжамды бағдарлардың орындалмауына әкеліп соқтырды. 2007 жылғы орташа жылдық инфляция 10,8% құрады, бұл ретте мұнайдың әлемдік жоғары бағасы сценарийі бойынша 2007-2009 жылдарға арналған ақша-кредит саясатының негізгі бағыттарымен айқындалған болжамды дәлізі 8,2-9,2% құрады.

Талу жылдары ықпал етудің күйзеліс факторлары болмаған жағдайда жылдық инфляция деңгейінің айтарлықтай бәсеңдеуі күтілуде.

2008 жылы Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі ақша-кредит саясаты саласында орташа жылдық инфляцияның төменгі деңгейін қамтамасыз етуге, сондай-ақ қаржы жүйесінің тұрақты жұмыс істеуін қолдауға бағдарланған ақша-кредит саясатын жүзеге асыруды әр қызметінің басым бағыты ретінде айқындайды.

Ресми қайта қаржыландыру ставкасын белгілеу ақша нарығындағы ахуалға және инфляция деңгейіне тәуелді, оның деңгейі нақты көрсетуде оң көрсеткіште қалатындай және қысқа мерзімді құралдардың ақша нарығындағы ставкалардың жоғарғы деңгейі болып табылатындай түрде жүргізіледі. Ішкі нарықта өтімділікті реттеу тетігін бұдан әрі жетілдіру үшін және екінші деңгейдегі банктердің СВОП операцияларын жүргізудегі қарқынды мүддесін назарға ала отырып, валюталық СВОП есепке алу операцияларын жүргізу мүмкіндігі қаралатын болады.

Қаржылық тұрақтылық және валюталық және қаржылық дағдарыстарды ерте хабарлау индикаторлары жүйесін әзірлеу жөніндегі есеп шеңберінде талдау тәсілдерін жетілдіру жалғастырылады. Ұлттық Банк кредит нарығын және факторларды дамытудың сапалы сипаттамасын талдау мақсатында 2007 жылы басталған банктерді үнемі зерттеуді жалғастыратын болады.

2.2. Қазақстан Республикасындағы Алматы «Халықаралық қаржы орталығы» қаржы жағдайы.

Қазақстанның оңтүстік астанасында аймақтық қаржы орталығын құру жөніндегі идея Қазақстан Банкілері ассоциациясы өкілдерінің Қазақстан Республикасы президентімен кездесуі кезінде алғаш рет 1995 ж айтылды және елге қаржы тасқындарын тарту үшін орталық құру және қолда бар бәсекелестік артықшылықты сақтау мақсаты тұжырымдалған Болатын Әрі Банк жүйесінде, әрі қаржы нарығының басқа секторларында басталған реформалау, құнды қағаздар нарығының сақтандыру индустриясын осы заманғы инфрақұрылымның, қалыптастыру ойлағанды жүзеге асыруды тежеді. Алайда қазір республикада –Алматы қаржы орталығының жобасын іске асыруға мүмкіндік жасайтын оң өзгерістер бар. Әлемдік тауар нарықтарындағы қолайлы жағдай, шетел инвестициялары құбылудың артуы, өндіріс секторының тұрақты жұмыс істеуі, ішкі сұраныстың артуы-экономиканың қарқынды дамуына игі әсер етті.

Макроэкономикалық тұрақтылық инфляцияның төменгі деңгейі, бюджет жүйесінің сенімділігі, төлем жүйесінің тұрақтылығы, сондай-ақ Қазақстан экономикасындағы бәсекелестікке қабілеттіліктің дамуымен қоса жүрді. ҚР-ның Экономика және бюджеттік жоспарлау министрлігінің базалауы бойынша ЖІӨ-нің 2004 жылғы өсуі 9% болды. Экономиканың өсуі өнеркәсіпте (9,2%), құрылыста (10%), көлікте (8,6%), Байланыста (30%) және саудада (8,5) т.б. дамудың оң қарқыны сақталуын қамтамасыз етеді деп күтілуде. Қазақстан Республикасының Статистика жөніндегі агенттігінің алдын ала берген деректері бойынша, ЖІӨ-нің өсуі бұдан әрі өнеркәсіпте ауылшаруашылығында қызмет көрсету саласында, көліктің барлық түрмен жүктерді тасымалдауда, бөлшек сауда тауар айналымы көлемдерінде бұдан әрі өсуін қамтамасыз етеді.

Алматы республикалық бюджетке түсімдердің төрттен бірінен астамын әкеле отырып, бұрынғыша республиканың негізгі доноры болып табылады. Атап айтқанда Алматыда ірі отандық және шетелдік компаниялар

орналасқан. Екінші дәрежелі Банкілердің 72% және олардың капиталының 80 пайызы тап осында шоғырланған. Орталық офистерін Орталық Азияда ашқан көптеген шетел компаниялары оларды Алматыға көшіруде. Дәл Алматы арқылы олар бизнесті Қырғызстанда, Өзбекстанда, Тәжікстанда, көбінесе тіпті Ауғанстан, Иран мен Пәкістанда жүргізуге ұлтытуда.

Қазір аймақтың орталық рөліне Ташкент те үміттенеді. Алайда экспортшылар шетел бизнесі Алматыға ерекше ілтипат білдіреді деп санайды. Бұған жоғарыда аталған көптеген факторлардың сондай-ақ оның ыңғайлы географиялық орнының да себебі бар.

1996 жылғы банк реформасы Қазақстан Республикасының дүниежүзілік стандарттарға мейлінше жақындауына мүмкіндік берді. Бүгін ол ТМД-да ең сенімді және прогресшілдерді бірі. Қазақстандық Банкілер айтарлықтай жоғары рейтингілерге ие болды. Олардың акцияларымен сақтандыру компанияларының акцияларын Батыстың көптеген қаржы ұйымдары сатып алуда. Алматыға барлық дүниежүзілік Банкілер нақты қатысып отыр. Сондай-ақ өз кезегінде қазақстандық Банкілер бағалы қағаздарын Батыс нарықтарында орналастыруда. Қазақстандық бизнес пен кредит ұйымдарына деген сенім айтарлықтай жоғары.

Қазір қазақстандық Банкілер ұзақ мерзімді жобаларды инвестициялауда жобаланған елдерде филиалдар, еншілес банктерін ашып өз мүдделері шеңберін кеңейтті. Сонымен Мәскеу, Бішкекте еншілес банктер қызмет етуде. Тиімді менеджменттің, қаржы ресурстары мен көрсетілетін қызметтің үлкен тізбесінің берілуі арқасында Банкілер жақын орналасқан мемлекеттердің нарықтарын үдемелі түрде жаулап алуда. Олардың салыстырмалы түрдегі көрсеткіштері, аймақтық нарықтағы көрсетілетін қаржы қызметтері саласында әжептәуір үлес алуға мүмкіндік берді.

Алматыда қор және валюта нарығы белсенді, ұлттық валюта еркін айырбасқа жатады. Аймақтандыру арқасында қор нарығының дамуы, экономикаға, оның нақты секторына қосымша қаражат тартуға мүмкіндік

береді. Көрсетілетін қызметтер аясындағы бәсекелестік компаниядан олардың дүниежүзілік деңгейге сәйкес келуін талап етеді.

Қаржы орталығын құру батыс банкілерінің Қазақстан нарығына қол жеткізуге жол ашық екендігін көрсетеді, елдің қаржы институттарының бәсекелестікті күшейтуі табиғи нәрсе.

2.3. Қаржының Қазақстан Республикасындағы ерекше рөлі

Қаржы- әрқашан экономикалық жүйе шеңберіндегі қоғамдық ұдайы өндірістік түрлі субъектілері арасындағы бүкіл ақша қатынастарын емес, тек айырықша ақша қатынастарын білдіреді, сондықтан оның рөлі мен маңызы экономикалық қатынастарда ақша қатынастарының қандай орын алатындығына байланысты.

Жалпы қоғамдық өнім мен ұлттық табысты жасау, бөлу және қайта бөлу процесінде қалыптаса отырып, қаржы қоғамның түпкілікті пайдалануға жіберілетін материалдық ресурстар бөлігінің ақшалай қаражаты болып табылады. Қаражаттың басты белгілерінің бірі - оның қалауынсыз ақша нысаны және ақшаның нақтылы қозғалысымен қаржы қатынастарының бейнеленуі. Демек, қаржы қатынастарының пайда болуы өзі жайында әрқашан ақшаның нақтылы қозғалысымен жақсартып отырады.

Алайда қаржы ақша қатынастарының бүкіл сферасын қамтиды деп санау дұрыс болмас еді. Ақша қатынастары ішнен тек олар арқылы мемлекеттің, оның аумақтық бөлімшелерінің, сондай-ақ шаруашылық жүргізуші субъектілердің, жасалатын ақша қорлары - бұл қатынастардың мазмұны болып табылады. Ақша қатынастары жалпы алғанда қаржыдан тұрады. Қаржы тек ақша қорларының, атап айтқанда табыстар мен қорлардың қозғалысымен байланысты болатын ақша қатынастарын ғана қамтиды. Басқа ақша қатынастары қаржы шеңберінен шығып кетеді. Қаржы қатынастарының жиынтығына, мысалы, шығындардың барлық түрлерін ақшалай есепке алу мен бақылау жасау, өндірілген өнімді ақша нысанында өлшеу, өзіндік құнды калькуляциялау және өнімнің бағасын

анықтау, ақшалай түсімді есепке алу мен сақтау, ақша айналысын реттеу және басқалары кірмейді. Сауда жүйесі арқылы тауарларды сатып алу және сату (тіпті мемлекет бөлшек сауда бағаларын реттеп отырған жағдайда да) кезінде пайда болатын ақша қатынастарын да қаржыға жатқызуға болмайды. Себебі мемлекет бұл жерде ақша қатынастарын азаматтық-құқықтық әдіспен реттеп отырады. Ақша қатынастарымен бірігіп кеткен субъектілердің теңдігі (олардың құқықтары мен міндеттеріндегі теңе-теңдік) бұл әдіске тән өзінше нышан болып табылады. Сонымен бірге қалыптасатын ақша қатынастарының өзіндік қаржылық емес өзгешелігі болады. Кез келген ақша қатынастары қаржы қатынастарын білдіре бермейді.

Қаржының ақшадан мазмұны жағынан да, функциялары жағынан да айырмашылығы бар. Ақша бұл өз алдымен ассоциацияландырылған өндірушілердің еңбек шығындары өлшенетін жалпыға ортақ бағалама, ал қаржы — жалпы ішкі өнім мен ұлттық табысты бөлудің және қайта бөлудің экономикалық тетігі, ақша қорларын жасау мен пайдалануға бақылау жасаудың құралы. Ол өндіруге, бөлуге және тұтынуға ықпал жасайды және объективті сипатта болады.

Ұдайы өндіріс процесінің түрлі стадияларына жеке экономикалық категориялардың қатысу дәрежесі бірдей емес.

Ақшаның нақтылы қозғалысы ұдайы өндіріс процесінің екінші және үшінші стадияларында — *бөлуде және айырбастарда* болады.

Екінші стадияда ақша нысанындағы қаржының қозғалысы тауарлардың қозғалысынан оқшауланады және оның шектелуімен (бір келенушілерден басқа келенушілерге өтуімен) немесе қаржының әр бөлігінің мақсатты оқшаулануымен (бір келенушінің шеңберінде) сипатталады. Үшінші стадияда бөлінген құн (ақша нысанындағы) тауар нысанына айырбасталады. Бұл жерде қаржының өзінің шеттелуі болмайды. Сөйтіп, ұдайы өндірістің екінші стадиясында құнның ақша нысанының бір жақты қозғалысының орны болады,

ал үшінші стадияда қаржылардың екі жақты қозғалысы болады, оның бірі ақша нысанында, ал басқасы тауар нысанында болады.

Қаржының іс-әрекет етуінің жиынтық қоғамдық өнімді бөлу стадиясында асқан дәрежеде көрінетіндігі қаржы үшін көпшілікке таныған болып саналады. Сонымен қаржы мен қаржы қатынастарының қатынасы болып, іс-әрекет ететін орны ақшаның нақтылы қозғалысы болатын ұдайы өндіріс процесінің бөлу стадиясы болып табылады. Мұнда жалпы қоғамдық өнімнің құны және оның маңызды бөлігі — ұлттық табыс *ақшаны бөлу** процесіне ұшырап, мақсатты арналым мен субъектілер бойынша бөлінеді. Бұл процестің нәтижесінде құн оны құрайтын микроэлементтерге - *с*, *V*, және белгіштік қатынастардың ерекше сферасы ретінде қаржының мәні өз алдымен белгіштік функцияның көмегі арқылы көрінеді. Тап осы функция арқылы қаржының қоғамдық айналымы — шаруашылық жүргізудің әрбір субъектісін оған қажет арнаулы мақсатты ақша қорлары нысанында пайдаланылатын қаржы ресурстарымен қамтамасыз ету жүзеге асырылады.

Жалпы қоғамдық өнімнің құны (оның ақша нысанында), сонымен бірге ақша нысанында саналанатын ұлттық байлықтың бір бөлігі қаржының белгіштік функциясының іс-әрекетінің *объектілері* болып табылады.

Қарамасында мақсатты арналымның қорлары қалыптасатын ұдайы өндірістік процестің қатысушылары болып табылатын саяси және жеке тұлғалар (мемлекет, кәсіпорындар, бірлестіктер, мекемелер, азаматтар) қаржылық бөлудегі *субъектілер* болып келеді.

Қаржының көмегімен белгіштік процесс қоғамдық өмірдің барлық сфераларында — материалдық өндірісте, айналыс және тұтыну сфераларында өтеді. Бөлудің қаржылық өндістері экономиканы басқарудың түрлі деңгейлерін жалпы ұлттық, аумақтық, жергілікті деңгейлерді қамтиды. Қаржылық бөліске бөлінудің әр түрлі түрлерін — ішкі шаруашылық, ішкі салалық, салааралық, аумақ аралық бөліністі тудыратын көрсетілушілік қаржы.

Бөлу функциясы қаржы құралдарын қоғамдық жалпы өнім мен оның аса маңызды бөлігі — ұлттық табысты, сондай-ақ ұлттық байлықтың бір

бөлігін (айналым қаражаттарын, мемлекеттік мүлікті сату операцияларын шығарып тастағанда) бөлу және қайта бөлу процесінде пайдаланған кезде көрінеді. Бұл функцияны қаржы өнімді өздігінше бөле береді деген мағынада емес, қаржы тек жасалған өнімді бөлуді ғана ортақтастырып, жүзеге асырады деп түсіну керек. Былай деп айтқан дұрыс: өнімнің натуралдық-заттай құрамын бөлу ақша қорларын бөлу арқылы жасалады.

Қаржының экономикалық ролі және бағыттардан көрінеді:

Қаржы капиталдың айналымын тездеті отырып, кәсіпорындардың, фирмалардың өндірістік қызметі тиімділігінің есуіне жағдай жасайды;

кірістер мен шығыстарды ұдайы салыстырып отыру арқылы қаржы кәсіпорындардың, фирмалардың коммерциялық есебін нығайтып, дамытады;

қаржы ұлттық табыстарға қорлану және тұтыну қорларының үйлесу тиімділігін арттырудың экономикалық негізін жасайды;

қаржы ұлттық экономикада меншіктің сан алуан нысандары-қол, және шаруашылық жүргізу нысандарының дамуына мүмкіндік туғызады.

Сонымен бірге қаржы оқтайлы ұлттық шаруашылықтың ара салмағын қамтамасыз етуде белсенді рол атқарады: олардың көмегімен экономикалық және әлеуметтік дамудың индикативтік жоспарының басты элементтерінің өзара теңдестірілуіне қол жетеді; қаржы қорларын жоспарлы пайдалану қоғамдық ұдайы өндіріске қаржының ынталандырғыш ролін күшейтуге арналған негізгі қаржылық көрсеткіштерді мемлекетке орталықтандыра отырып анықтауға жағдай жасайды.

Қаржы көмегімен жететін нәтижелерді бағалауға жалпы түсіндірме қаржының ролін 3 бағытта атқаруға мүмкіндік жасайды:

1) айналымды ұдайы өндірістік қажеттіліктерін қажеттігі қаржы көздерімен қамтамасыз ету тұрғысынан;

2) қаржының қоғамдық өндірістік құндық құрылымын реттеу үшін пайдалану тұрғысынан;

3) қаржының әлеуметтік - экономикалық дамудың ынталандырмасы ретінде пайдалану тұрғысынан.

III Тарау ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНДА ҚАРЖЫ НАРЫҒЫН ЖЕТІЛДІРУ ЖОЛДАРЫ.

Қаржы нарығы болашақпен тәуекелді бағалайды. Сондықтан үй шаруашылықтары мен корпорацияларға қор жинау мен несиені алу туралы шешім қабылдау ақпарат жинау қажеттілігінен басталады. Қаржы активтерінің табиғаты – бұл үлкен көлемді активтер мен ірі, жақсы ұйымдасқан нарықтарда сауда жүргізу жеңілдігі, сақтау арзандығы. Сол себептерден оларды біз басқа нарықтардағы ағын ретінде емес, қор ретінде қарастырдық. Қаржы нарықтарындағы нарықтық, теге-теңдік осы нарыққа ұсыныс және сұраныс көлемдері арасында орнатылады. Қорлардың сұранысы үлкен болу үшін активтердің сапалылығы мен табыстылығы бірдей болуы керек. Ешқандай тәуекелсіз теге-теңдік орнатылатын қызмет түрі арбитраж деп аталады.

Арбитражды тәуекелді ұстаумен шатастыруға болмайды, біріншісі тәуекелдің толық жоқтығын қарастырады, ал екіншісі инвестордың тәуекелді болуын есепке алады. Нарық тиімді болуы үшін, ол бар активтері туралы толық ақпаратты жинап отыруы қажет және әр актив өз тәуекелділігі бойынша дұрыс бағалануы қажет. Қазақстандағы қаржы нарығы көбінесе шетел компанияларының бағалы қағаздары мен қорлары бойынша операциялары жүргізді.

Екіншіге орай, еліміздегі көптеген кәсіпорындар мен ұйымдар қор нарығына белсенді араласуға және оның мүмкіндіктерін пайдаланып, қосымша қаржы көздерін тартуға дайын емес болып шықты. Тапшылық мәселелерін шешуге мемлекеттің өз активтерін басқарудағы икемсіздігі де елеулі кедергі келтірді. Осы уақытқа дейін үкімет ұлттық компаниялардың мемлекеттік емес облигациялардың эмиссиялары ретінде қуатын да пайдаланған емес. Сондай-ақ мемлекеттік емес бағалы қағаздардың тартымдылығын арттыру мәселелері де шешілген жоқ. Көптеген эмиссиялар шығарылған бағалы қағаздар бойынша кірісті уақытылы есептеу мен ақша аударуда тәртіпсіздікке ұрынады, корпорациялық басқарудың тиісті

нормаларын өз деңгейінде сақтамайды. Мұның ұзақ акционерлердің құқықтары мен заңды міндеттерінің бұзылуына, өзінің іс-әрекеттері жөніндегі ақпараттарды ішкі және сыртқы инвесторлардың сұранысына сай тиісті деңгейде ашық көрсете алмауына әкеп соқтырады.

Қазақстанның қаржы нарығын сапалық тұрғыда жетілдірілуі жолдарын зерттеу нәтижесінде келесі тұжырымдар жасалынады:

1. Қазақстан Республикасының қаржы рыногын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау жөніндегі агенттіктің басты міндеттерінің бірі: сақтандыруды қадағалау органдары халықаралық қауымдастығының, Бағалы қағаздар жөніндегі халықаралық комиссияның, зейнетақы қадағалау органдары халықаралық ұйымының принциптерін енгізу жөніндегі жұмыстарды одан әрі жандандыру қажет.

2. Қазақстан Бүкіләлемдік сауда ұйымының талаптарына сәйкес Соған орай Қазақстанның қаржы саласы халықаралық стандарттарға сай жұмыс істеуді жолға кыю қажет.

3. Қазақстан Республикасының алдында қойылған негізгі мақсаттардың бірі – әлемдегі барынша бәсекеге қабілетті 50 елдің қатарына ену болса, онда бәсекелестікті арттыру мақсатында, оның ішінде бағалы қағаздардың қайталама рыногындағы институттық- инвесторлар арасында бәсекелестікті күшейту қажет және бағалы қағаздардың қайталама рыногын жандандыру мақсатында мемлекеттік емес бағалы қағаздардың тізімін кеңейту қажет.

4. Отандық қаржы рыногының және оның реттеу деңгейінің ерекшеліктерін ескере отырып, Еуроодақ дерективаларын, Банкті қадағалау жөніндегі Базель комитетінің халықаралық стандарттарын жетілдіру қажет.

Жоғарыда аталған барлық шаралар қаржы жүйесінің жұмысын еліміздің тұрақты экономикалық өсуі жөніндегі талаптарға сай ұйымдастыруға жәрдемдесуі тиіс.

Қорытынды

Курстық жұмыстың жазылуын аяқтай келе төмендегідей ой-тұжырымдамалар жасауға болады.

Жалпы курстық жұмыстың жазылу құрамы кіріспе, үш бөлім, сегіз сұрақты, сондай-ақ қорытынды, пайдаланған әдебиеттер қамтып отыр.

Бірінші бөлімде қаржы туралы жалпы ұғым және оны басқарудың негіздері, қаржының мәні, функциясы және ұдайы өндірістегі және экономикадағы рөлі қарастырылды.

Жалпы қоғамдық өнім мен ұлттық табысты жасау, бөлу және қайта бөлу процесінде қалыптаса отырып, қаржы қоғамның тұтылікті пайдалануға жіберілетін материалдық ресурстар бөлігінің ақшалай тұрғалануы болып табылады. Қаржының басты белгілерінің бірі-оның тұрғалануының ақша нысаны және ақшаның нақтылы қозғалысымен қаржы қатынастарының бейнеленуі. Демек, қаржы қатынастарының пайда болуы жайында әрқашан ақшаның нақтылы қозғалысымен аңғартып отырытындығы жайында айтылды.

Екінші бөлімде, Дүниежүзілік қаржылық тұрақсыздық жағдайларында Қазақстанның қаржы экономикалық дамуының басты бағыттары, оны жүргізудің жолдары қарастырылды. Осы бөлімде Қазақстан Республикасындағы Алматы «Халықаралық қаржы орталығының» қаржы жағдайына талдау жасалып пайыздық саясатына талдау жасалып, негізгі көрсеткіштеріне баға берілді, сонымен қатар Алматы «Халықаралық қаржы орталығының» қаржы жағдайының маңыздылығы мен бағыттарына сипат берілді.

Үшінші бөлімде, Қазақстан Республикасының қаржы нарығын жетілдіру жолдарына сипат берілді.

Яғни, Қазақстан Республикасының қаржы нарығындағы қазіргі кездегі қиыншылықтары анықталды және одан шығудың жолдарына сипат берілді.

Курстық жұмыстың жазылу барысында және тақырыптың мазмұнын ашуда белгілі авторлардың оқулықтары, монографиялар, сондай-ақ газет – журналдар беттеріндегі жарияланған мақалалар, маңызды деректер, статистикалық көрсеткіштер жан-жақты пайдаланылып отыр.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. Егемен Қазақстан. 1993. 13 қараша.
2. Қазақстан Республикасы Президентінің 1997 жылғы 13 қарашаданғы Жарлығымен 15 қараша Ұлттық валюта - тенге Күні, Қазақстан Республикасы қаржы саласы қызметкерлерінің кәсіби мейрамы болып жарияланды (ҚР ПҰАЖ, 1997. №49. 454-бап.)
3. Қазақстан Республикасы Ұлттық Банк Басқармасының 2001 жылғы 3 наурыздағы қаулысымен юлма-юл ақша белгісі — трын ақша айналымынан алынды. (Қараңыз: Егемен Қазақстан. 2001. 29 наурыз).
4. Қаржы дегеніміз елдегі тарихи қалыптасқан және ұлттық заңнамамен бекітілген ақшаның жүзеге асуының ұйымдастыру нысаны болып табылады. Қараңыз: Хусбяков А.И. Финансовое право Республики Казахстан. Алматы: Жеті жарғы, 1955.
5. «ҚР-дағы банктер және банктік қызмет туралы» ҚР заңы. 30.08.1995.
6. Ақша, несие, банктер. Ғ.С. Сейітқасымовтың жалпы ред. — Алматы: Экономика, 2001.
7. Мақыш С.Б. Коммерциялық банктердің операциялары. — Алматы: Қазақ университеті, 2002
8. Деньги, кредит, банки / Под ред. Лазрушина О.И. - М.: Финансы и статистика, 1999.
9. Банковское дело / Под ред. Лазрушина О.И. — М.: Финансы и статистика, 1998.
10. Банки и банковские операции в России / Под ред. Лапидуса М.Х. - М., 1996.
11. Марюва О.М. и др. Коммерческие банки и их операции. — М.: Банки и биржи, 1995.
12. Брокеры и регистраторы на рынке ценных бумаг. Учебное пособие. — Алматы: Ирбис, 2000.
13. Гвоздев Б.З. Факторинг. — М.: Ассоциация авторов и издателей, Тандем, Экмос, 2000.
14. Ақша, несие, банктер. Ғ.С. Сейітқасымовтың жалпы ред. — Алматы: Экономика, 2001.
15. Деньги, кредит, банки / Под ред. Лазрушина О.И. — М.: Финансы и статистика, 1999.
16. Шеденов О. Жалпы экономикалық теория. Алматы, Экономика 2005. 680 б
17. Финансы. Денежное обращение. Кредит / Под ред. Дробозиной Л.А. — М.: Финансы, ЮНИТИ, 2001.
18. Қазақстан Республикасының 2010 жылға дейінгі стратегиялық даму жоспары. «Елорда» - 2002 ж 159 – 161 б
19. Мельников В.Д., Ильшов К.К. Финансы. — Алматы, изд. 2-е, перераб. и доп. Қаржы-қаражат 1997.